

# **Шығыста техникалық білімнің іргесін қалады**

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Өз ардақтыларының атын ұмытқан ешбір қоғам, ешбір халық қуатты бола алмайды, – деп бастады өз сөзін профессор Лилия Столярова. – Дәулет Мірқасымұлы еліміздің Шығысындағы инженерлік-техникалық білімнің іргесін қалады. Себебі сол кезде жол-құрылыс саласында еңбек етіп жүрген көптеген басшылардың өзінде жоғары білім болмайтын. Олар алғашқылардың бірі болып студент атанып, университетімізде оқыды. Оқып қана қойған жоқ, іс-тәжірибеден де өтті.

Бұл ойды аймақ басшысы Бердібек САПАРБАЕВ та қуаттады:

– «Өткенсіз болашақ жоқ» дейді. Біз әрқашан елдің өсіп-өркендеуі үшін барын салған азаматтарды жадымызда ұстауға тиіспіз. Жоғары оқу орнын құру оңай шаруа емес. Қазіргі ректорға, сіздердің барлықтарыңызға Дәулет Серікбаевтың атқарған еңбегін және оқу ордасындағы игі дәстүрлерді жалғастырып жүргендеріңіз үшін алғыс айтамын.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін студенттер мен оқытушылар мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойды.



**Р.С.** Көз көргендердің айтуынша, жоғары оқу орнының бірінші ректоры Дәулет Серікбаев күш-қуаты мол, зор дауысты, өз студенттері мен оқытушыларының қамын жеген адам болыпты. Ол Қазақ КСР-і Білім министрінің орынбасары қызметінде жүрген кезде оқу орындарының көптеп салынуына, олардың материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуіне ерекше көңіл бөлген екен.

# **Шығыста техникалық білімнің іргесін қалады**

**Ержан Әбіш**

**Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің тұңғыш ректоры Дәулет Серікбаевқа арналған мемориалдық тақта орнатылды.**

Ескерткіш тақта Протозанов көшесінде орналасқан Д.Серікбаев атындағы университеттің әкімшілік корпусы қабырғасына бекітілді. Сол ғимаратта 1958 жылы білім ордасы құрылып, Дәулет Мірқасымұлы оқу орнының алғашқы студенттеріне дәріс оқығанды.

Тақтаның ашылу салтанатына облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ, университет түлектері, оқытушылары мен студенттері қатысты.

– Университетіміздің ғылыми кеңесі тұңғыш ректордың құрметіне ес-

телік тақта орнатуды ұйғарды. Бұл оқиғаның ел Тәуелсіздігінің 20 жылдығымен тұспа-тұс келгені де көңілге қуаныш ұялатады, – деді Д.Серікбаев атындағы ШҚМТУ ректоры, профессор Нұрлан Темірбеков.

Жоғары оқу орнына Дәулет Серікбаевтың атын беру туралы бастама көтерген экономика ғылымының докторы, профессор Юрий Баталов ШҚМТУ өзінің алғашқы ректорының атын иеленген еліміздегі бірден-бір университет екенін атап өтті.

*(Соңы 2-бетте)*